

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Отандастарымыздың 2024 жылдың 9 айындағы таза инвестициялық кірісі 2,09 трлн теңгеге жетіп, зейнетакы жарналарының қолемінен 76 млрд теңгеге асып түсті

2024 жылдың 9 айында қазақстандықтардың таза инвестициялық кірісі шамамен 2,09 трлн теңге болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен ол 716,3 млрд теңге немесе 52,3% артық.

Бұл ретте міндетті зейнетакы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетакы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға **2,08 трлн теңге мөлшерінде инвестиациялық кіріс түсіп, 1,85 трлн теңге болатын осы жарналар қолемінен асты.**

Тек 2024 жылдан бастап аударыла бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетакы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша таза инвестиациялық кіріс 9,06 млрд теңге болды. Жарналардың бұл түрінен қалыптасқан жинақ қолемі – 160,6 млрд теңге.

2024 жылдың 9 айында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетакы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетакы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан, ҚР Ұлттық Банкі басқаратын зейнетакы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 5,7% болған кезде 11,22% көрсетті. 2024 жылғы 1 қазандығы жағдай бойынша БЖЗҚ-ның жұмыс берушінің міндетті зейнетакы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетакы активтерінің кірістілігі – 8,87%.

Қордың зейнетакы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігін қарастырсақ, 2024 жылғы 1 қазандығы жағдай бойынша инфляция 8,3% қурағанда ол 12,47% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестиациялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестиациялық портфельді үнемі әртаратандырып отырады. Яғни, зейнетакы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың enpf.kz сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестиациялық қызметіне жасалған [шолуда](#), 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестиациялық кірістілік те инфляциядан асып түсті. 1998 жылы жинақтаушы зейнетакы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 қазанға өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 803,01% болғанда, 919,3% көрсетті.

Зейнетакы активтерін инвестиациялық басқару мен есепке алуудың барлық жүйесі ашиқ: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестиациялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетакы активтерін инвестиациялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестиациялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетакы жүйесі сарапшыларының зейнетакы активтерін инвестиациялау туралы сұхбаттарын - БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінши деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген отемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).